

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 желтоқсан N 1716

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына 2001 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл" мерекелік медалін дайындауға байланысты шығыстарды

қаржыландыруға 17 000 000 (он жеті миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.